

КЕЛІСІЛДІ
«№13 ЖББМ» КММ
Президенті
Ө. Әбдіреш

« 25 » 09 2021 ж.

БЕКІТЕМІН
«№13 ЖББМ» КММ
директорының м.а.
Ж.А. Смагулова

« 25 » 09 2021 ж.

***Қарағанды облысы білім басқармасының
Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«№13 жалпы білім беретін мектебі» КММ
оқушыларының тәртіп мәдениеті
ЕРЕЖЕСІ***

1. Оқушылардың жалпы тәртіп ережелері

Мектептің тәртіп мәдениеті ережесінде көрсетілген мінез-құлық ережесін оқушылар ғимаратта, мектеп төңірегінде, сонымен қатар, мектеп атынан олимпиадалар мен мектептен тыс іс-шараларға қатысу кезінде, қоғамдық орындарда да қатаң сақтауға тиіс.

2. Оқушылардың міндеттері:

1. Оқушылар мектепке бекітілген күн тәртібіне сәйкес келеді. Басқа уақыттарда оқушы кезекші әкімшіліктің рұқсаты немесе кез келген педагог қызметкердің бақылауы бойынша мектепте бола алады.

2. Оқушылардың тіліне, жынысына, ұлтына, дініне және басқа да белгілеріне қарай дискриминациялауға, сонымен қатар, діни насихат және ұлтшылдық насихат таратуға құқығы жоқ.

3. Мектепке кірген уақыттан бастап оқушы бас киімін шешеді. Киім үлгісі мектеп талаптарына сәйкес болуы шарт.

1. Оқушыларға мектеп қабырғаларына, партаға, орындықтарға, киім ілетін шкафқа жазып- сызуға, мектеп жиһазын, техникалық құрылғылары мен өзге де мүліктерін сындырып, бүлдіруге тыйым салынады.

2. Оқушы мектепке медициналық препараттарды (егер де оқушы оқу жылында қажетті медициналық дәрі-дәрмек қабылдайтын болса, ата-ана мектеп дәрігері мен педагог-психологты алдын ала хабардар етуі қажет), есірткі дәрілерін, жарылғыш заттарды (петарданы қоса алғанда), каруды (газды, пневматикалы және ойыншық қаруларды), газды баллон, темекі бұйымдары, құрамында алкогольі бар сусындарды мектепке әкелуге, сонымен қатар, аталған заттарды мектепте және мектепшілік іс-шараларда қолдануға, әкелуге тыйым салынады.

3. Оқушы мектеп қызметкерлері мен оқушылардың абыройын құрметтеуі қажет. Дөрекі сөздерді сөйлеу мен ишарат көрсетуге, қолдануға тыйым

3. Оқушы мектеп қызметкерлері мен оқушылардың абыройын құрметтеуі қажет. Дөрекі сөздерді сөйлеу мен ишарат көрсетуге, қолдануға тыйым салынады.
4. Тамақ ішу мектептің бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес арнайы белгіленген орындарда ғана жүзеге асырылады.
5. Таңғы ас, түскі ас және түстік уақытындағы үзіліс арасында оқушылардың мектеп қызметкерлері болған жағдайда кітапхана, зертхана, спорт залына баруға мүмкіндіктері бар.
6. Мектеп дәліздерінде жүгіруге және айқайлауға тыйым салынады. Көтерілетін саты мен өту дәліздері бос болуы қажет. Сатыда көтерілу мен түсу барысында оқушылар оң жақпен жүру тәртібін ұстанып, жүгірмеу, бір-бірін итермеу және өзгелердің қозғалысына кедергі келтірмеулері тиіс.
7. Мектеп ғимараты мен алаңында темекі тартуға тыйым салынады.
8. Қоқысты арнайы урналарға тастау қажет. Мектеп ғимараты мен мектеп алаңында тазалықты сақтамаған оқушыға тәртіп ережелері бойынша шаралар қолданылады.
9. Сабақ үстінде оқушының сағыз шайнауына тыйым салынады.
10. Мектеп оқушылары өздерінің жеке заттарының сақталуына жауапты.
11. Оқушылар меншіктік құқын құрметтеуге міндетті. Мектептегі заттар, оқуға қажетті құралдар, киім және өзге де заттар өз иесіне тиесілі.
12. Сабақ уақыты кезінде оқушы сынып жетекшісінің және кезекші әкімшіліктің (мед.бикенің) рұқсатынсыз мектептен кете алмайды.
13. Сабақ үрдісі барысында ұялы телефонды, жеке стереоплейерді, электронды ойындар мен басқа да құрылғыларды қолдануға тыйым салынады.
14. Оқушылар сынып жетекшісі, кезекші мұғалімнің ескертуі мен талаптарына немқұрайлы қарамау керек.

5.3. Мектепке келу

1. Оқушылардың мектепке келуі күнделікті бақыланып отырады.
2. Оқушыға сабақты себепсіз қалдыруға болмайды.
3. Сабақтан қалған жағдайда оқушы өтілген тақырыпты өздігінен оқуға міндетті.
4. Оқушы сабақтан қалған жағдайда оның ата-анасы сабақтан қалу себебі көрсетілген құжат немесе медициналық анықтама әкелуі тиісті.

5.4. Жоспарсыз сабақтан қалу

Егер оқушы келе алмаған жағдайда, ата-анасы сабақтың басталуына дейін баласының сабаққа келмеу себебін, қай кезде мектепке келетіндігінен сынып жетекшісіне, сынып жетекшісі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына етуі қажет.

1. Денсаулығына байланысты сабақтан қалған күндеріне оқушы дәрігерден анықтама әкелуі қажет.
2. Дене шынықтыру сабағынан босату тек қана медициналық анықтама негізінде жүзеге асырылады.

3. Ескертусіз сабақтан қалған күн себепсіз болып есептелінеді.
4. Сабақты бірнеше күн негізсіз босатқан жағдайда ата-анасына ескерту жасалады және құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесіне шақырылады.

5.5.Кешігу

1. Бірінші сабаққа кешіккен оқушы тәртіп бұзу журналына тіркеледі.
2. Сабаққа кешіккен уақыттағы оқушының өміріне, қауіпсіздігіне және денсаулығына ата-ана жауапты.
3. Сабаққа кешігіп келу себепсіз қалдыру болып саналады.

5.6.Мектептен кету

1. Оқушыға сабақ уақытында мектептен сынып жетекшінің және мектеп әкімшілігінің (мед.бике) рұқсатынсыз кетуге болмайды.
2. Оқушының мектептен сабақ соңына дейін шығуы мына жағдайларда жүзеге асырылады:
 - педагогтардың жетекшілігімен және басқа да мектеп қызметкерлерінің өтініштері бойынша мектеп жоспарына сәйкес саяхатқа және өзге де іс-шараларға қатысу;
 - отбасы жағдайына байланысты – ата-анасының және отбасы мүшесінің жазбаша түрде берілген өтініші бойынша;
 - оқушылар ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша өтінішіне сәйкес сабақтан соң өзі кете алады. Ата-ана өтініші мектеп директоры бекіткен үлгіге сәйкес жазылып, директордың оқу –тәрбие ісі жөнідегі орынбасарымен келісіледі.

5.7. Сабақ үстіндегі тәртіп ережесі

1. Оқушы мектепке сабақтың басталуына 10-15 минут уақыт қалғанға дейін кешікпей келеді.
2. Оқушылар мектепке мектеп формасымен келеді. Оқушылардың сабаққа спорттық киіммен келулеріне тыйым салынады.
3. Оқушылар сабаққа келген уақытта өздерімен бірге оқушы құралдарын: оқулық, дәптер, кітап, сонымен қатар, күнделік және уақытында орындалған үй тапсырмасын әкелуі шарт.
4. Оқушылар сыныпқа кешікпей келулері қажет. Сабаққа себепсіз кешігіп келуге болмайды.
5. Оқушылар сабаққа қажетті кітап, дәптер және басқа да оқу материалдарын парта үстіне қойып, сабаққа дайын отырулары қажет.
6. Емтихан өткізу кезінде оқушылар шақырмайынша, кабинеттің сыртында күтуі керек.
7. Мұғалім сыныпқа кірген уақытта оқушылар сәлемдесу мақсатында орындарынан тұрады және мұғалімнің рұқсаты арқылы отырады. Оқушылар осы түрде сабақ уақытында сыныпқа кірушілердің барлығымен амандасады (компьютермен жұмыс істеу барысында немесе бақылау және зертханалық жұмыстар уақытында тұрудың қажеті жоқ).

8. Ұялы телефонды, жеке стереоплейерді, электронды ойындар және басқа да құрылғыларды сабақ барысында қолдануға тыйым салынады. Мұғалім сабақ үрдісі кезінде оқушының ұялы телефонын, жеке стереоплейерін, электронды ойындарын және басқа да құрылғыларды алып қоюға және кезекші әкімшілікке тапсыруға құқылы. Ата-аналар оқушының сабақ үстінде алынған заттарын тәртіп бұзу журналына тіркелген уақыттан соң ала алады.

5.8. Сабақ уақыты кезінде оқушыға:

1. Сыныптан мұғалімнің рұқсатынсыз шығуға болмайды. Мұғалім сабақтың аяқталғанын хабарлаған уақыттан соң ғана оқушы сыныптан шығуға құқылы;
2. Сабақ үрдісі барысында мұғалімді бөлуге немесе өзге оқушылармен сөйлесуге;
3. Сабаққа қатысы жоқ істермен оқушылардың ойын немесе өзгенің ынтасын бөлуге, шулауға, келеңсіз әңгімелер, ойындар және басқа да істермен айналысуға тыйым салынады.

4. Сабақ соңында әр оқушы:

1. Үй тапсырмасын және басқа да қажетті жазбаларды жазуға;
2. Өз орнын жинастырып, орындығын қайта қоюға міндетті.

5.9.Емтихан, сайыс, олимпиада, бақылау жұмысындағы тәртіп ережесі

1. Мектептің ұжымы адалдықты жоғары бағалайды, сол себепті, тәртіп ережелері емтихан жұмысын орындауда, бақылау жұмыстарын жазуда, түрлі сайыстар, олимпиадалар өткізуде және тағыда басқа жарыстар ұйымдастыруда байқалады. Өтірік айту оқушылар үшін және сынып үшін дөрекі қателік болып табылады. Кез келген қалыпта қабылданбайды. Әрі қарай емтихан барысындағы тәртіп ережелері Академиялық адалдық саясатында қарастырылады.

2. Емтихан, сайыс, олимпиада, бақылау жұмыстары кезінде:

барлық кітаптар мен дәптерлер үстел үстінен алынып тасталуы қажет;

1. ереже бойынша оқушылар сөмкелерін, кітаптарын алшак жерге қойып, ұялы телефондарын сөндіру керек;
2. оқушылардың басқа оқушы жұмысына қарауға, шпаргалканы пайдалануға тыйым салынады;
3. оқушылар қажеттілік туындаған уақытта ғана сыныптан шығуы тиіс;
4. емтихан уақытында сөйлесуге болмайды.

5.10.Үзіліс уақытындағы және сабақ соңындағы тәртіп ережелері

1. Үзіліс уақытында оқушы:

- өз орнын қалыпқа келтіріп, тазартуға және сынып бөлмесінен шығуға;
- кезекші мұғалім және мектеп қызметкері, сынып кезекшісінің талаптарын орындауға;
- егер сыныпта кезекші болса, мұғалімге келесі сабаққа әзірленуге көмек көрсетуге міндетті.

5.11. Үзіліс уақытында оқушыға тыйым салынады:

- сатыда немесе дәлізде жүгіруге, терезе алдында отыруға;

- бір-бірін итеруге, заттарды лақтыруға, қарым-қатынастарын анықтауға және күш қолдануға;
- дәрекі сөздер айтуға, ишарат, сөйлеу кезінде жағымсыз қылықтар көрсетуге, шулауға, өзгелердің демалуына кедергі келтіруге;
- өз бетінше терезені ашуға тыйым салынады.
- егер бір мәселе туындаса, әр оқушы сынып жетекшісіне не пән мұғаліміне хабарлай алады.

5.12. Кітапханадағы тәртіп ережесі

1. Кітапханада және оқу залында айқайлауға, дауыстап сөйлеуге, жүгіруге, шұғыл қимыл жасауға, орындықта тербелуге тыйым салынады. Өзгелердің тыныштықта дайындалу құқығын сыйлау қажет.
2. Кітаптар мен әдістемелік құралдарда жазуға, беттерін жыртуға тыйым салынады. Кітапхана оқулығын және әдістемелік құралды бүлдірген немесе жоғалтқан жағдайда сол калпында орнына келтіру қажет.
3. Кітапхана қызметкерінің рұқсатынсыз, тіркеусіз кітаптарды алу үлкен тәртіп бұзушылық болып табылады.

5.14 Асханадағы тәртіп ережесі

- 1 Ас ішпес бұрын қол жуу қажет.
- 2 Кезекті бұзбауға, асханада шуламауға тиісті.
- 3 Орындыққа отырғанда және тұрғанда мұқият болу қажет.
- 4 Тамақтан соң өз орнын жинастыру
- 5 Асханаға сыртқы киіммен кіруге тыйым салынады.

5.15 Жиналыстағы, кештердегі, іс-шаралардағы тәртіп ережесі

- 1 Жиналысқа, кешке, іс-шараларға кешікпей, белгіленген уақытта келу қажет.
- 2 Егерде жиналысқа, кешке, іс-шараға қонақ келген уақытта оқушылар қарсы алып, орын беруі қажет.
- 3 Көпшілікпен өткізілген іс-шаралар кезінде оқушылар - сөйлеспеуі, көршілеріне және өнер көрсетушілерге кедергі келтірмеуі қажет.
- 4 Оқушылар техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауы қажет.

5.16 Кітап, дәптер, күнделік, жұмыс орнының жағдайы туралы:

- 1 Кітаптың бетін бүгіп, белгілер салуға болмайды.
- 2 Кітапханадан алған кітапты қажет жағдайда желімдеп, калпына келтіру керек.

5.17 Оқушы киім үлгісі:

- 1 Оқушылар әрқашан өз мектеп формасын сақтауы қажет. Киім таза әрі ұқыпты болуы шарт. Басты назарды киімді дұрыс кию үлгісіне аудару қажет.
- 2 Жоғарыда аталмаған іс-шараларды ұстаздар ұйымдастыру барысында алдын ала киім үлгісінің түрін талқылап, ата-аналарға үш күн бұрын хабарлауы қажет.
- 3 Егер оқушы осы Саясаттың тармақтын бұзатын жағдайда тәртіп бұзу журналына тіркеледі.

4 Оқушыларға бағалы, үлкен, жаркыраған әшекей заттарды тағуға, боянуға (күзгі бал, жаңа жыл кеші, Наурыз мейрамынан басқа кезде) тыйым салынады.

5.18. Оқушы ауа-райының қолайсыздығына байланысты жауын-шашын болған жағдайда екінші аяқ-киім әкелу керек.